



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 12–26 наурыз аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы 29 наурыз

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 26 наурызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1,3%-ға (418,64-дан) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 424,28 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 12-26 наурыз аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. АҚШ ФРЖ АҚШ МБҚ кірістілігінің өсуі реттеушінің алаңдаушылығын тұғызбайтынын білдіре отырып, негізгі мөлшерлемені 0–0,25% диапазонында сақтау туралы шешім қабылдады. ФРЖ мүшелері мөлшерлеменің 2023 жылдың соңына дейін нөлге жақын болатынын болжауда.

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Мексика песосы** инфляцияның күрт жеделдеуіне байланысты негізгі мөлшерлеменің төмендеу сериясын тоқтата тұру аясында 0,5%-ға (20,69-дан 20,58-ге дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** мұнай бағасының төмендеуі және қор нарығына капиталдың әкелінуі аясында 0,4%-ға (72,79-дан 72,52-ге дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** 0,2%-ға (14 385-тен 14 418-ге дейін) әлсіреді. ОБ АҚШ МБҚ кірістілігінің өсуі жағдайында айырбастау бағамын қолдауға дайын екендігін білдіре отырып, пайыздық мөлшерлеме деңгейін өзгеріссіз (3,5%) қалдырды;
- **Оңтүстік Африка ранды** 0,2%-ға (14,95-тен 14,98-ге дейін) әлсіреді. ОБ негізгі мөлшерлемені қатарынан төртінші рет 3,5% деңгейінде сақтап қалды;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының төмендеуі, геосаяси тәуекелдердің өсуі және инвесторлардың тәуекел дәрежесінің нашарлауы аясында 3,2%-ға (73,27-ден 75,65-ке дейін) әлсіреді. ОБ негізші мөлшерлемені 4,5%-ға дейін (+0,25 п.т.) көтерді;
- **Бразилия реалы** инвесторлардың тәуекел сентиментінің нашарлауы аясында және мөлшерлеменің күтілгеннен 2,75%-ға (+0,75 п. т.) дейін артуына қарамастан 3,6%-ға (5,56-дан 5,76-ға дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** ел Президентінің ОБ басшысын реттеуші мөлшерлемені көтергеннен кейін екі күн өткен соң жұмыстан босату туралы шешімі аясында 7,3%-ға (7,56-дан 8,11-ге дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың басынан бастап 2021 жылғы 26 Наурыз аралағында)



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылғы 12 Наурыз - 26 Наурыз аралағында)



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2021 жылғы 12 наурыз =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz